

Кызылбаева Эльмира Ермухамедовна

«Аягөз қалалық №1 бөбекжай-балабақшасы», тәрбиеші

Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы

Мектепке дейінгі мекеме балаларына рухани тәрбие беру

Рухани жаңғырудың негізі - халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы - ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Тәрбие - қоғамдық тәжірибені білім, іскерлік пен дағды, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері, әлеуметтік және рухани қарым-қатынас меңгерудегі тұлғаның түрлі іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандырудың мақсатты, саналы түрде жүргізілетін педагогикалық үрдіс.

Қай заманда болмасын адамзат баласы рухани-адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. Бүгінгі таңда да бұл мәселе біздің қоғамымызда алдыңғы қатарда. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөліп, ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп айтқан болатын.

Тарихпен дәлелденгенгенгей, жастар ө кез-келген мемлекеттің болашағы болғандықтан, жастардың тұлғалық құндылығын, рухани-адамгершілік қасиеттерін, құзыреттілігін дамытуға баса назар аудару қажет деген . Рухани-адамгершілік тәрбие адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның ішкі дүниесінде қалыптасатын ішкі еркінің сезімі. Осы негіздерге сүйене отырып, рухани-адамгершілік тәрбие - тұлғаның бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту деуге болады. Сонымен қатар бәсекеге қабілетті, елін сүйетін ұлтжанды азамат, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған шығармашыл құзыретті, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге сүйрейтін қайратты,

рухы таза, ертеңгі ата-ана, тәрбиеші, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін толерантты тұлға дайындау.

Осыған орай қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұн-дай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Сондықтан тәрбиешілер қауымына үлкен жауапкершілік артылып отыр. Бала тәрбиесі тек тәрбиешінің емес, баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де, мақсат мүддесі біреу, ол заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Халқымыздың әдептілік, инабаттылық, мейірімділік, қарапайымдылық, ізеттілік, қонақжайлық қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, салт дәстүрін, әдеп-ғұрыптарды жақсы меңгерген рухани дүниесі бай, жаны таза адал жан болуы керек.

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танытын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Халқымыздың тәлім-тәрбиесін, асыл қағидаларын жан тәнімен сезініп, өмірге енгізуде қатардағы-педагог тәрбиешілер. Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу бұл жауапты да күрделі міндет, оны іске асыру бала туғаннан бастап, отбасы, балабақша, мектеп болып, үздіксіз іске асатын процесс. Сондықтан біздің мақсатымыз қазақ балабақшасындағы тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып балабақшалардан жұмыс мазмұнын

қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып кележатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, беймдеу. Осыған орай тәрбиешілер алдындағы балаларға ұлттық дәстүріне, әдет-ғұрпына,білім дағдыларын игеріп қана қоймай, ойлауын, қабылдауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеті болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы - балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші - тәрбиеші. Тәрбиенің алтын бесігі балабақшамыздағы сәбиімізді адам баласына тән қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толасыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан-жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттермен, мүмкіндіктерді алып, олардың өнегелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінен маңызы зор. Қазақ халқының салт әстүріне қызығушылықпен қарау, мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Тәрбиенің алтын бесігі балабақшамыздағы сәбиімізді адам баласына тән қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық.